
	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ</b>	П 017-9.16-2025
		15.01.2025ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 1 - 8

**«Эстрада өнері» білім беру бағдарламасы**  
**бойынша талапкерлерге арналған**  
**Республикалық «ЖАС ДАРЫН» конкурсына қатысу**  
**ЕРЕЖЕСІ**

Алматы, 2025 ж.

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ</b>	П 017-9.16-2025
		15.01.2025ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 2 - 8

«БЕКІТЕМІН»

ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы  
Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ

Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс  
жөніндегі проректоры  
Ергөбек Ш.Қ.




2025 ж.

**«Эстрада өнері» бойынша талапкерлерге арналған  
Республикалық «ЖАС ДАРЫН» конкурсы туралы  
ЕРЕЖЕ**

**1. Жалпы ережелер**

- 1.1. Талапкерлерге арналған аталмыш конкурстың ұйымдастырушысы Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, «Эстрада өнері» факультеті.
- 1.2. Конкурс «Эстрада өнері» білім беру бағдарламасы бойынша өткізіледі.
- 1.3. Конкурсқа Қазақстан Республикасы бойынша 2025 жылы оқуын аяқтайтын орта музыкалық колледждің түлектері қатыса алады. (эстрадалық колледж, дарынды балаларға арналған музыкалық арнайы мектеп түлектері)  
**Ескерту:** \*5-7 жылдық музыкалық мектеп аяқтаған түлектер қатыса алмайды!
- 1.4. Конкурсқа қатысу үшін үміткер (1-қосымшада) көрсетілген өтінім парағын және өтінішті толтырып, [zhas.daryn1@mail.ru](mailto:zhas.daryn1@mail.ru) электронды почтасына жіберуі керек (2-қосымша).
- 1.5. Конкурстың 1-ші кезеңі онлайн форматта, ал 2-ші кезеңі оффлайн форматта Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-ның оқу театрында өтеді.
- 1.6. Конкурсқа қатысушылардың жол, жатын орын және тәуліктік шығындар жіберуші жақ есебінен төленеді.
- 1.7. Гран При алған конкурс лауреатына Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының 6B02112 «Эстрада өнері» білім беру бағдарламасы бойынша 2025-2026 оқу жылындағы талапкерлерге арналған қабылдау емтиханынан ең жоғарғы балл 100 балл (I шығармашылық емтихан: вокал – 50 балл, II шығармашылық емтихан: музыкалық теория, сольфеджио – 50 балл) қойылады.
- Ескерту:** 2025 жылғы ҰБТ сертификаты (шектік балл жинаған) мен 2 шығармашылық емтихан нәтижесі бойынша білім беру тапсырысының конкурсына қатыса алады. Талапкер қабылдау комиссиясына тиісті құжаттарды өткізуге міндетті.

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ</b>	П 017-9.16-2025
		15.01.2025ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 3 - 8

## 2. Конкурстың мақсаты

- 2.1. «Эстрада өнері» саласындағы жас таланттарды анықтау;
- 2.2. «Эстрада өнері» /Эстрада вокалис/ білім беру бағдарламасы бойынша қызығушылығы бар талапкерлерге академияға оқуға түсу барысындағы талаптарды таныстыру;
- 2.3. Дарынды жастардың шығармашылығын дамытуға ықпал ету;

## 3. Ұйымдастыру комитеті

### 3.1. Ұйымдастыру комитеті:

1. Елубаева Маржан Амановна
2. Мухсиынова Мерует Жақсыбекқызы
3. Аманбаева Асем Бақытжанқызы

### Ұйымдастыру комитетінің міндеті:

- Конкурстың өтуіне жауапты қатысушы үміткерлерге арнайы чат ашып, ережемен түсіндіру жұмыстарын жүргізуге;
  - Пochтаға келген өтінім құжаттарға ұйымдастырушылар тарапынан кері байланыс жасауға;
- Конкурс барысында zoom платформасына үміткерлердің реттілікпен қатысуы қадағалауға;
- 2-ші кезең барысында үміткерге қажетті музыкалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуге;
  - Ережеде көрсетілген конкурсқа қатысу шарттары мен талаптарына сәйкес конкурстың өтуін қадағалап, туындайтын мәселелерді шешуге міндетті.

### Ұйымдастыру комитетінің құқығы:


- Ережеге сәйкес қатысушының құжаттары толық болмаған, өтінім дұрыс толтырылмаған жағдайда конкурсқа қатыстырмауға;
- I-ші кезеңге (онлайн) қатыспаған үміткерді II-ші кезеңге (оффлайн) қатыстырмауға құқылы.

### 3.2. Әділқазы алқасының төрағасы: Алпысбаева Венера Нағметдуллақызы

### Әділқазы алқасының мүшелері:

1. Кесоғлу Лаки Константинович
2. Ескалиева Нагима Хабдуллоевна
3. Кайсиди Йоаннис Георгиевич
4. Елубаева Маржан Амановна
5. Мухсиынова Мерует Жақсыбекқызы
6. Сулейменова Айчурек Эгембердиевна

### Әділқазы алқасының міндеті:

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ</b>	П 017-9.16-2025
		15.01.2025ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 4 - 8

- Әділқазы алқасы әр қатысушыны тындап, бағалау критерийлеріне сәйкес бағалауға;

- Конкурс хаттамасына төраға мен барлық қатысқан әділқазы алқасының мүшелері қол қоюға міндетті.

**Әділқазы алқасының құқығы:**

- Конкурс қорытындысын еркін түрде хаттамамен рәсімдеуге;

- Қатысушыларды арнайы дипломдармен марапаттауға;

- Конкурс барысында тәртіпсіздік танытқан немесе дайындықсыз келген үміткерлердің өнерін қарастырмауға құқылы;

**Хатшы:**

Аманбаева Асем Бақытжанқызы

**Хатшының міндеті:**

- Конкурс қорытындысы бойынша хаттама толтыруға;

- Конкурс нәтижесі туралы ақпаратты әзірлеп, ұйымдастыру комитетіне ұсынуға міндетті.

#### 4. Конкурса қатысу шарттары

4.1. Конкурса қатысушы үміткерлерден:

Эстрадалық вокал пәнінен 2 шығармашылық жұмыстарын көрсету талап етіледі:

1) *Қазақ тіліндегі эстрадалық ән* (Қазақстан композиторларының әндері, халық әндері)

2) *Шет тіліндегі әлемдік хит ән.*

Орындаған әндердің бейнематериалдарын өз YouTube арнаңызға жүктеу (YouTube арнасы ашық болуы керек!), оның сілтемесін көшіріп, өтінім мен құжаттарды WORD – қа салу және бір хатпен [zhas.daryn1@mail.ru](mailto:zhas.daryn1@mail.ru) электрондық поштасына 06 ақпаннан 17 ақпанға дейін жіберу. (\*өтінім осы құжаттың соңында көрсетілген)

Сұрақтар бойынша:

8 701 455 2777 – Whats app нөмірі бойынша дс-жм күндері (сағ 18.00 дейін)


«Эстрадалық вокал» кафедрасының аға оқытушысы Меруерт Жақсыбекқызы Мухсиынова

4.2. Бейнематериалдарға қойылатын талаптар:

Бағдарлама жатқа орындалады, ұзақтығы 3,5 - 4 минуттан аспауы керек;

Бейнетүсірілім кезінде бейнекамераны өшірмей және тоқтатпай орындалатын туынды басынан аяғына дейін жүргізілуі керек (видео түсіру барысында сахналық образда, түр әлпетіңіз, бас аяғыңыз толық көрінуі тиіс);

Музыкалық сүйемелдеу, фонограмма (-минус 1) күйінде жоғарғы сапада жазылуы қажет.

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ</b>	П 017-9.16-2025
		15.01.2025ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 5 - 8

4.3 Жол берілмейді:

- Дыбысты қосымша өңдеу, бейне материалдарды монтаждау және редакциялауға;

- Әуені жазылған фонограмманы (караоке), double tracking, сондай-ақ негізгі партияны қайталайтын бэк-вокалды пайдалануға;

- Орындалатын бағдарламаны өзгертуге жол берілмейді.

4.3. Конкурса қатысушы талапкердің шығармашылық жұмысын әділқазы алқасы төменде көрсетілген бағалау жүйесіне сәйкес қорытындылайды.

4.4. Үміткердің шығармашылық жұмысына берілген әділқазы алқасының бағасы қайта қарастырылмайды.

### **«Эстрадалық вокал»**

*пәні бойынша шығармашылық жұмысты бағалау критерийлері*

#### **43-50 балл («5» өте жақсы)**

Орындаушылық шеберлік: вокалдық техникасы мінсіз, дыбыс сапасы мен интонациясы таза. Динамика, артикуляция және фразировкада кәсіби деңгей көрініс табады. Шығарманың мағыналық мазмұны тереңінен ашылған. Барлық орындаушылық элементтер жоғары деңгейде орындалған. Әннің стилі мен жанры толық сақталған.

#### **37-42 балл («5 – » өте жақсы)**

- Орындаушылық шеберлік: дыбыс сапасы мен интонациясы жоғары деңгейде, тек ұсақ қателіктер болуы мүмкін. Фразировка мен артикуляцияда кәсібилік байқалады. Техникалық орындау: ән стилі мен жанры жақсы сақталған, бірақ кейбір техникалық элементтерде кемшіліктер бар.

#### **31-36 балл (4+ жақсы)**


Орындаушылық шеберлік: вокалдық техника жақсы деңгейде, бірақ интонацияда кейбір қателіктер кездеседі. Дыбыс сапасы орташа, кейде дыбыстың тұрақтылығы бұзылуы мүмкін. Шығарма мазмұны ашылғанымен, эмоционалдық көрсеткіш жеткіліксіз. Стилль мен жанр ерекшеліктері сақталған, бірақ кейбір тұстарда сенімсіздік бар.

#### **26-30 балл (4 жақсы)**

Орындаушылық шеберлік: Интонациясы таза, бірақ қателіктер байқалады. Динамика мен артикуляция жеткіліксіз. Техникалық орындау: орындау стилі мен жанрынан ауытқулар байқалады.

#### **21-25 балл («4-» жақсы)**

Орындаушылық шеберлік: интонацияда айтарлықтай кемшіліктер бар. Динамика мен артикуляция жеткіліксіз, қарапайым деңгейде орындалған. Шығармашылық: сахналық бейнені ашу әрекеті бар, бірақ жеткіліксіз. Техникалық орындау: стилльдік және жанрлық ерекшеліктер сақталмаған.

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ</b>	П 017-9.16-2025
		15.01.2025ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 6 - 8

### **16-20 балл (3+ қанағаттанарлық)**

- Орындаушылық шеберлік: дыбыс сапасы орташа, интонацияда тұрақты қателіктер кездеседі. Орындалған шығармалардың мазмұны түсініксіз, артикуляция орташа. Шығармашылық: эмоциялық көңіл-күй, сахналық шеберлік әлсіз. Техникалық орындау: ән жанры мен стилі толық сақталмаған.

### **11-15 балл («3-» қанағаттанарлық)**

- Орындаушылық шеберлік: дыбыс тазалығы нашар, негізгі техникалық элементтер орындалмаған. Шығармашылық: шығарма мазмұны ашылмаған, сахналық әрекет жоқ. Техникалық орындау: стильдік және жанрлық ерекшеліктер сақталмаған.

### **5-10 балл (3- қанағаттанарлық)**

Орындаушылық шеберлік: вокалдық техникасы әлсіз, интонация тұрақсыз. Дыбыс тазалығы төмен. Шығармашылық: шығармашылық элементтер мүлде жоқ. Техникалық орындау: ән жанры мен стилі анық байқалмайды.

### **0-4 балл («2» қанағаттанарлықсыз)**

Орындаушылық шеберлік: дыбыс сапасы мен интонацияда үлкен кемшіліктер бар. Негізгі техникалық талаптар орындалмаған. Шығармашылық: эмоциясыз орындау, сахналық шеберлік жоқ. Техникалық орындау: әннің стилі мен жанрлық ерекшеліктері сақталмаған, шығарманың мән мағынасы жеткізілмеген.

### **Өткізу мерзімі**

#### **5.1. Өтетін уақыты:**

1 кезең - 17-24 ақпан 2025 жыл (онлайн іріктеу), 1-ші кезеңнің (online іріктеу) нәтижелері 28 ақпанда Whatsarr-қа жіберіледі.

2 кезең – 14 наурыз (оффлайн)

5.2. Қатысушылардың өтінімі және өтініш құжаты онлайн форматта 2025 жылдың 06 ақпан - 16 ақпан аралығында қабылданады.

**Email:** [zhas.daryn1@mail.ru](mailto:zhas.daryn1@mail.ru) электронды почтасына жіберіледі.

5.3. Өтінім көрсетілген мерзімнен кешігіп жіберілген жағдайда қабылданбайды.

5.4. **Өтетін орны:** Алматы қаласы, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының Оқу театры.


## **5. Қорытындыны жариялау**

6.1. Қазылар алқасы үміткердің шығармашылық жұмыстарын арнайы бағалау жүйесіне сәйкес қорытындылайды.

6.2. Конкурс қорытындысы бойынша арнайы хаттама толтырылады.

6.3. Конкурс нәтижесі 2 кезең өтетін күні белгілі болып, қатысушыларға сол күні хабарланады және де академияның ресми сайтына ілінеді.

6.4. Қазылар алқасы келесі номинациялар бойынша марапаттайды:

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ</b>	П 017-9.16-2025
		15.01.2025ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 7 - 8

- Эстрада вокалісі (гран при, 1, 2, 3 орын)

6.5 Ұстаздар алғыс хаттармен марапатталады.


6.6. Барлық марапаттаулар электронды поштаға 25 Наурызға дейін жіберіледі.

### «Жас Дарын» байқауына қатысу ӨТІНІМІ








\* Өтінім тек Word форматында бір хатпен жіберіледі.

\* талап бойынша толтырылмаған өтінім қарастырылмайды!!!

1. Оқытушының аты-жөні, ұялы телефон нөмірі, e-mail.
2. Музыкалық оқу орнының атауы, қай қаладан.
3. Авторлары көрсетілген (сөзі, әні) әндердің бағдарламасы мен YouTube – қа жүктелген орындалған шығармалардың сілтемелері болуы керек
4. Қатысушының жеке куәлік көшірмесі (немесе туу туралы куәлік, төлқұжат);
5. Оқу орнынан анықтама көшірмесі;
6. Дипломдар мен тағы да басқа жетістіктерінің көшірмелері (бар болса)
7. 2 фотосурет (толық биіктікте, фотосессиядан алуға болады) (10x15).
8. Әрбір қатысушы материалды өз атынан және электрондық поштасынан жіберуі керек.

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ</b>	П 017-9.16-2025
		15.01.2025ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 8 - 8

### КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

<b>Әзірлеген</b>		
«Эстрадалық вокал» кафедрасының аға оқытушысы		Мухсиынова М.Ж.
<b>Келісілді</b>		
Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет басшысы		Маткерим Д.А.
Мансаптық даму және кәсіби бағдарлау бөлімінің басшысы		Токеева А.Д.
Заң бөлімінің басшысы		Тлегенова О.К.
Стратегиялық даму, тәуекелдерді талдау және бағалау бөлімінің басшысы		Молдабаева А.Е.
«Музыкалық өнер» факультетінің деканы		Алпысбаева В.Н.
Эстрадалық вокал кафедрасының меңгерушісі		Елубаева М.А.